

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 қаулысына толықтыру мен өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 шілде N 889. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.07.24. N 1174 қаулысымен. ~P971174

Мүлікті бағалау үшін негізгі базаны одан әрі жетілдіру мақсатында және инфляция қарқынының бәсеңдеуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында негізгі қорларды (құрал-жабдықтарды) индекстеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 қазандағы N 1178 P941178_ қаулысна (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 44, 475-бап) мынадай толықтыру мен өзгерту енгізілсін:

1-тармақ "1 шілдедегі жағдай бойынша жылына екі рет" деген

сөздерден кейін "ал 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап жылына бір рет" деген сөздермен толықтырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларын (құрал-жабдықтарын) индекстеу тәртібі туралы ереженің 2-тармағындағы ("тұрғын үйлерден басқалары") деген сөздер ("оның ішінде тұрғын үй қоры иелігіндегі") деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары